

Оңтүстік Қазақстан облысындағы Қаратау тауы жоталарында Қаратау арқарының миграциялық жолдарын қорғаудың экологиялық дәлізін құру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 149 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 маусымда № 4124 болып тіркелді

"Оңтүстік Қазақстан" 21.06.2017 ж., № 102-103; ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі, 23.06.2017 ж.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 81-бабының 3-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Қаратау тауы жоталарында жер пайдаланушылар мен меншік иелерінен жер учаскелерін алып қоймай жалпы алаңы – 287521,4 гектар, оның ішінде: Бәйдібек ауданында – 129429,9 гектар, Созақ ауданында – 59996,7 гектар, Түлкібас ауданында – 34409,5 гектар және Түркістан қаласында – 63685,3 гектар Қаратау арқарының миграциялық жолдарын қорғаудың экологиялық дәлізі құрылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялануына жолдануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.С.Жамаловқа жүктелсін.

Облыс әкімі Ж.Түймебаев

Д.А.Сатыбалды

Ә.Е. Тұрғымбеков

Ж.Қ. Бөкенбаев

Б.С. Жамалов

Е.Ә. Садыр

Ұ. Сәдібеков

А.С. Сәбитов

К.Н. Меңдебаев